

Бекмашева Актоты Нигметовна*¹

Филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал, Қазақстан, vipbekmasheva@mail.ru,
ORCID ID:0000-0001-7189-8952

ПАРОНИМ СӨЗДЕР ЖӘНЕ СӨЗ ДӘЛДІГІ

Аңдатпа. Бүгінгі тіл мәдениеті мен сауатты коммуникацияның маңызы артып отырған кезеңде, сөз дәлдігін сақтау – маңызды лингвостилистикалық талаптардың бірі. Мақала қазақ тіл білімінде әлі арнайы зерттеліп, табиғаты ашыла қоймаған паронимия мәселесіне арналып отыр. Қазіргі тіл практикасында паронимдерге қатысты қателерді ауызекі сөйлеу тілінде ғана емес, әдеби тілде жазылған мәтіндерден байқап, көріп жүрміз. Бұл зерттеліп отырған тақырыптың өзектілігін, маңыздылығын айқын көрсетеді.

Зерттеу жұмысының мақсаты – қазақ тіліндегі пароним сөздердің табиғатын ашып түсіндіру, олардың мағынасы мен стилистикалық реңтерін, функционалдық сипатын айқындау. Осы мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер қойылды: пароним деп танылып жүрген жұп сөздердің шетелдік және қазақ тіл білімінде зерттелуіне шолу, қазақ тіліндегі паронимдердің семантикалық, стилистикалық ерекшеліктерін саралап, олардың нормаға сай қолданылу жолдарын ұсыну, тіліміздегі өзіне ұқсас басқа лексика-семантикалық топтармен ұқсас-айырмашылық жақтарын көрсету, әдеби тіл нормасына сәйкес қолданысын, сондай-ақ оларды ажырата алмаудан туындайтын жиі қателіктерді талдау. Зерттеу нәтижесінде ғылыми еңбектерге шолу жасалды, тілімізде пароним деп танылып жүрген паронимдік жұптарға мысалдар келтіріліп, жаңсақ қолданылу себептері айқындалды. Сонымен қатар, тілдік дәлдікке нұқсан келтіретін қате қолданыстарға нақты мысалдар келтіріліп, оларды түзету жолдары ұсынылды.

Мақалада белгілі ғалымдар М. Балақаев, Р. Сыздық, Н. Шәкеев, Х.Нұрмұқановтардың тілімізде қиындық тудырып жүрген, мағыналары әр басқа, дыбысталуы ұқсас, осындай сөздердің мағыналарын айқындап, саралау қажеттігі туралы айтқан пікірлері, ұсыныстары талданды. Осы пікірлердің нәтижесінде, пароним деп танылып жүрген лексикалық бірліктердің сөйлеу тілінің нәтижесі ғана емес, өзіне тән белгілері бар, тілдік жүйеге жататын лексика-семантикалық топ ретінде қарастыруға болады деген тұжырым келтірілді.

Паронимдік жұп сөздердің әрқайсысына тән мағыналық, стильдік, қолданымдық ерекшеліктерді айқындап көрсету үшін салыстырмалы, семантикалық және стилистикалық, кей тұстарда этимологиялық және лексикографиялық талдау әдістері қолданылды.

Кілт сөздер. Паронимдер, сөз дәлдігі, тіл мәдениеті, лексикалық қате, стилистикалық айшық, паронимазия, лексика-семантикалық топтар.

Бекмашева Актоты Нигметовна*¹

Кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, Уральск, Казахстан,
vipbekmasheva@mail.ru, ORCID ID:0000-0001-7189-8952

ПАРОНИМЫ И ТОЧНОСТЬ СЛОВ

Аннотация. В современный период, когда возрастает значимость культуры речи и грамотной коммуникации, сохранение точности слова является одним из важнейших лингвостилистических требований. Статья посвящена проблеме паронимии, которая до сих пор не была всесторонне изучена в казахском языкознании. В современной языковой практике ошибки, связанные с употреблением паронимов, наблюдаются не только в устной разговорной речи, но и в текстах, написанных на литературном языке. Это свидетельствует об актуальности и значимости рассматриваемой темы.

Целью данной исследовательской работы является выяснение природы паронимических слов в казахском языке, определение их значения и стилистических оттенков, а также функциональных характеристик. Для достижения этой цели были поставлены следующие задачи: провести обзор изучения слов, признаваемых паронимами в зарубежном и казахском языкознании, проанализировать семантико-стилистические особенности паронимов в казахском языке, предложить способы их правильного использования, показать их сходство и различие с другими аналогичными лексико-семантическими группами, проанализировать их употребление в соответствии с нормами литературного языка, а также часто встречающиеся ошибки, возникающие вследствие неумения их различать.

В результате исследования был проведен обзор научных работ, приведены примеры паронимических пар, признанных паронимами в нашем языке, и выявлены причины их ошибочного употребления. Кроме того, на конкретных примерах показаны нарушения языковой точности, обусловленные неправильным использованием паронимов, и предложены пути их устранения.

В статье проанализированы мнения известных учёных М. Балакаева, Р. Сыздык, Н. Шакеева и Х. Нурмуханова о необходимости выделения и разграничения значений слов с различным значением, но схожим звучанием, которые нередко вызывают затруднения в употреблении. На основе проведённого анализа сделан вывод о том, что лексические единицы, признанные паронимами, следует рассматривать не только как результат речевой практики, но и как особую лексико-семантическую группу, относящуюся к языковой системе и обладающую характерными чертами.

В статье используются сопоставительный, семантико-стилистический, а также — в отдельных случаях — этимологический и лексикографический методы анализа для выявления семантических, стилистических и функциональных особенностей, характерных для каждой паронимической пары.

Ключевые слова. Паронимы, точность слова, культура речи, лексическая ошибка, стилистический приём, паронимия, лексико-семантические группы.

Bekmasheva Aktoty Nigmatovna*¹,

Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, West Kazakhstan University of
Innovation and Technology, Uralsk, Kazakhstan, vipbekmasheva@mail.ru,
ORCID ID:0000-0001-7189-8952

PARONYMS AND WORD ACCURACY

Abstract. Nowadays, when the importance of language culture and competent communication increases, maintaining the accuracy of the word is one of the important

linguostylistic requirements. The article is devoted to the problem of paronymy, the nature of which has not yet been specifically studied in Kazakh linguistics. In the modern linguistic space, the inability to correctly use paronyms has become a common phenomenon, leading to stylistic and semantic errors not only in colloquial speech, but also in official, scientific, journalistic and artistic texts.

The purpose of this research work is to clarify the nature of paronymic words in the Kazakh language, determine their meaning and stylistic nuances, as well as functional characteristics. To achieve this goal, the following tasks were set: to review the study of word pairs recognized as paronyms in foreign and Kazakh linguistics, analyze the semantic and stylistic features of paronyms in the Kazakh language, suggest ways of their correct use, show their similarity and difference with other similar lexical and semantic groups in our language, analyze their use in accordance with the norms of the literary language, as well as frequently encountered errors that arise due to the inability to distinguish them.

As a result of the study, a review of research works was conducted, examples of paronymic pairs recognized as paronyms in our language were given, and the reasons for their incorrect use were identified. In addition, specific examples of incorrect use were given that undermine linguistic accuracy, and ways to correct them were proposed. The article analyzed the opinions of journalists and scientists M. Balakayev, R. Syzdyk, N. Shakeev and H. Nurmukhanov on the need to stabilize and clarify the meanings of such pairs of words with different meanings but similar pronunciation, which cause difficulties in our language, and presented scientifically substantiated proposals aimed at improving language culture. It was concluded that lexical units recognized as paronyms are not only the result of colloquial speech, but can be considered as a lexical-semantic group with its own characteristics and belonging to the language system.

The article uses comparative, semantic-stylistic, and in some cases etymological and lexicographic methods of analysis to identify the semantic, stylistic and functional features inherent in each of the paronymic pairs.

Key words. Paronyms, word accuracy, language culture, lexical error, stylistic device, paronomasia, lexico-semantic groups.

Кіріспе. Тіл практикасында бірінің орнына бірінің жаңсақ қолданылып жүрген пароним аталатын лексика-семантикалық топқа қатысты мәселе тіл білімінде әлі де өзекті болып саналады. Паронимдер біршама толық зерттелді деп айтсақ та, оған қатысты пікірлер бірізге түспей отыр: ғалымдардың бір тобы бұндай сөздерге түбірлес сөздермен қатар дыбысталуы, жазылуы ұқсас әр түбірден жасалған жұптарды (*үрдіс – үдеріс, нысан – нысана, мұлық-мұық, қорасан – қарасан*) жатқыза, екінші тобы тек этимологиялық жақындығы туыс, айтылуы ұқсас, бір түбірден тараған сөздер болу керек дегенді айтады (*ауызша – ауызекі, айналма - айналмалы, атты (әскер) – аттылы (адам), арнаулы – арнайы, тебіну – тепсіну, түркі (тілдері) – түрік (кілемі, шайы)*). Паронимдерді кең мағынада қарастыратын зерттеушілер бұл ұғымға дыбыстық ұқсастыққа негізделген стилистикалық тәсіл — парономазияны да жатқызады. Дұрысында, парономазия — дыбыстық жағынан ұқсас, бірақ мағыналары әртүрлі сөздердің өзара үндестігі негізінде пайда болатын сөз ойнақылығы, стилистикалық тәсілдердің бірі. Ол тілдік бірліктердің көркемдік-эстетикалық мүмкіндігін арттыруда маңызды қызмет атқарады. Ал паронимдер — мағыналары әртүрлі бола тұра, дыбыстық немесе этимологиялық жақындығы негізінде бірінің орнына бірі қате қолданылып жүрген жұп сөздер. Бұл тұрғыдан алғанда, паронимдер — тілдің лексика-семантикалық

жүйесінде өзіндік орны бар, лексикологияның негізгі зерттеу нысандарының бірі болып табылады. Аталған бірліктердің практикалық сипаты мен мәні тіл мәдениеті, сөйлеу мәдениеті, стилистика салаларымен де тығыз байланысты. Өйткені пароним сөздердің әрқайсысын нормаға сай өз мағыналарында тұрақтандырып, саралап қолданудың әдеби тілдің сапалы дамуына, сөздік қорымызды байытуға, орфографиялық норманың реттелуіне қатысты біраз мәселені шешуге көмегі тиері сөзсіз.

Мақалада паронимия құбылысына жататын пароним, паронимазия деп аталатын бірліктер туралы шетел және қазақ ғалымдарының жазған еңбектерін, айтқан пікірлерін саралай отырып, олардың анықтамасын, негізгі белгілерін көрсетуді, қолданысын саралауды мақсат еттік. Сонымен қатар қазақ тіл білімінде әлі де толық зерттеле қоймаған, лексикология, тіл мәдениеті мен стилистиканың нысаны саналатын осы жұп сөздерді басқа лексикалық бірліктермен салыстыра отырып, тілдегі орнын айқындауымыз да тақырыбымыздың өзектілігін, маңыздылығын көрсетеді.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Қазақ тіліндегі **пароним** ұғымын теориялық әрі практикалық тұрғыдан талдау барысында осы тақырыпқа арналған отандық, шетелдік ғалымдардың еңбектерін оқып, зерттеп, салыстырдық. Негізгі материалдар паронимдердің табиғатын арнайы зерттеген, паронимдер сөздігін құрастырған орыс ғалымы О.В.Вишнякованың және Д.В.Якунинаның, ағылшын тіліндегі паронимдерді зерттеген Л.Н.Федотованың еңбектерінен алынды. Қазақ тілінде осы құбылыс туралы жүйелі пікір айтып, олардың практикада дұрыс, қате және көркем шығармаларда мақсатты қолданысына нақты мысалдар келтіріп талдаған профессор Х.М. Нұрмұқановтың тұжырым-ойлары да бізге бағыт-бағдар болды. Сонымен қатар теориялық ойларымызды нақтылай, дәлелдей түсу үшін қажетті мысалдар қазақ тілінің түсіндірме сөздігінен, көркем шығармалардан, әртүрлі стильде жазылған мәтіндерден алынды. Осы аталған еңбектерде айтылған ой-тұжырымдар зерттеудің теориялық, практикалық материалы, негізі болды деп айта аламыз.

Теориялық талдау әдісі. Паронимдердің анықтамасын, оған ұқсас паронимазия, паронимиялық аттракция сияқты стилистикалық тәсілдердің табиғаты мен тілдік ерекшеліктерін зерттеу барысында ғылыми-теориялық еңбектер қарастырылып, тілші-ғалымдардың пікірлері салыстырып, сараланды.

Салыстырмалы талдау әдісі. Бұл әдіс арқылы паронимдерді омонимдер мен синонимдерден, антоним, вариант сөздер ажыратылып, олардың арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтары көрсетілді.

Лексикографиялық талдау әдісі. Бұл әдіс сөздіктердегі паронимдердің нақты мағыналарын ажыратып, түсінуде, олардың нормалануы мен қолданылуындағы жаңсақтықтарды анықтауда қолданылды.

Стилистикалық талдау әдісі. Пароним болатын жұп сөздердің әрқайсының стилистикалық бояуын, қай мәтінге лайық екенін, әдеби тілдегі дұрыс және жаңсақ қолданылуын қарастырады.

Қолданбалы лингвистика әдісті пайдалана отырып паронимдердің нақты тілдік ортада, сөзқолданыста қалай қолданылатынын мысалдар арқылы көрсетілді.

Семантикалық талдау әдісі арқылы паронимдердің мағыналық реңктерін, мәндес сөздермен қатынасын зерттедік.

Этимологиялық талдау әдісінің көмегімен паронимдердің шығу тегін, олардың көбінің бір түбірден жасалғандығын дәлелдей аламыз.

Нәтижелер және оларды талқылау. Пароним – гректің «para» және «onuma» деген сөздерінің бірігуінен жасалған аталым [1]. Қазақ тіліндегі бұлар «маңы», «аты» деген мағыналарды білдіреді. Бұдан біз пароним сөздердің дыбыстық ұқсастығы

негізінде бір-біріне қате не стильдік мақсатта жақындастырылатын сөздер екенін аңғарамыз. Біз тілдегі кез келген дыбысталуы жақын сөздерді емес, осы үндестігі көбіне мағыналық жақындыққа әкелген, тілде жиі жаңсақ қолданылатын жұптарды ғана лекикографиялық тіркеуге алып, паронимдерге жатқызып жүрміз. Және бұндай жұптардың бірен-сараны болмаса, басым көпшілігі бір түбірден, бір сөз табынан жасалатыны байқалды.

Қазақ тіл білімінде толық зерттеле қоймаған бұл сөздерге орыс ғалымдары өткен ғасырдың өзінде-ақ мән беріп, зерттей бастаған. О.В.Вишнякова (1964, 1978, 1987, 1990), Н.П.Колесников (1961, 1971, 1995), Ю.А.Бельчиков (1968, 1994), Т.Г.Пономаренко (1973), В.П.Григорьев (1977, 1992), Н.А.Янко-Триницкая (1979), И.Н.Кузнецова (1977), және т.б. орыс ғалымдарының әр кезеңде жазған ғылыми еңбектерінде паронимдердің теориялық, практикалық мәселелері жан-жақты сөз болды. Паронимдер мәселесінің белгілі бір деңгейде зерттелгеніне қарамастан, орыс тіл білімінде де аталған лингвистикалық құбылыстың толыққанды теориялық шешімін әлі күнге дейін таппағанын көрсетеді. Осыған байланысты паронимдердің табиғаты мен олардың мәндес сөздермен ара-қатынасын сипаттайтын ғылыми анықтамалар мен түсіндірмелерде бірізділік байқалмайды. Бұған «Паронимия в русском языке» деген монографиясында О.В.Вишнякованың: «Паронимия терминін әркім әртүрлі түсініп жүр, ғылыми еңбектерде паронимдердің табиғаты туралы бірыңғай көзқарас жоқ. Паронимдерді зерттеу жұмысының әдістемесі де жоқ», - деп жазуы дәлел [1, 62].

Паронимдерді зерттеген ғалымдардың басым көпшілігі бұл құбылысты тілде жүйелі түрде өмір сүретін лингвистикалық бірлік ретінде қарастырады. Алайда ағылшын тіліндегі паронимдерді арнайы зерттеген ғалым Л.Н. Федотова оны сөйлеу семантикасына тән құбылыс деп бағалайды. Оның пайымдауынша, пароним сөздер – тілдік жүйеде дербес тілдік бірлік ретінде емес, сөйлеу актісінде, яғни сөзқолданыс барысында ғана көрініс табатын құбылыс. Демек, коммуниканттар үшін паронимдер тілде объективті өмір сүретін емес, коммуникативтік үдерісте айқындалатын семантикалық құбылыс болып табылады [2, 87].

Келесі пікірді жақтаушылар паронимияны дербес тілдік құбылыс ретінде тануға әлі ерте деп есептеп, оны омонимия мен синонимия белгілерін өз бойына жинақтаған аралық құбылыс ретінде сипаттайды. Мұндай тұжырым жасауға негіз болатын жайт – паронимдердің бірқатары омонимдер секілді толық формалық сәйкестікке ие болмаса да, дыбыстық тұрғыдан өте ұқсас болып келуі, ал енді бірқатарының синонимдерге тән мағыналық жақындық танытуы. Осы сипаттар паронимдердің тілдік табиғатына қатысты әртүрлі ғылыми ұстанымдардың қалыптасуына ықпал етеді. Демек, орыс тіл білімінде паронимдерге берілген анықтамалардағы негізгі айырмашылық – оның бірінде паронимдерге түбірлес сөздердің жатқызылатыны, екіншісінде мұндай шектеудің жоқтығы және олардың паронимдерді тілде бар, өзіндік анықтамасы бар жүйе ретінде танытындығы, ал екінші топ өкілдерінің сөйлеу үстінде кездесетін құбылыс ретінде тануы.

Түркологияда паронимия мәселесі жеткілікті деңгейде зерттелмеген деп айтуға негіз бар. Осы мәселеге арналған монографиялар мен оқу құралдарының саны да шектеулі. Сол аз санды еңбектердің қатарында башқұрт тіліндегі паронимдерге арналған зерттеулерді ерекше атап өткен жөн. Бұл бағыттағы алғашқы жүйелі ғылыми еңбекті жазған түрколог ғалым К.Г. Ишбаев болды. Ол өз зерттеулерінде башқұрт тіліндегі паронимдердің табиғаты мен негізгі белгілеріне тоқталып, олардың оқу үдерісіндегі, әсіресе мектеп бағдарламасындағы орнына ерекше назар аударады. Ол 2001 жылы ғалым

З.К. Ишкильдинамен бірге алғаш рет «Башқұрт тілінің паронимдер сөздігін» құрастырып шығарды [3].

Түркі тіл білімінде осы тақырыпқа қатысты жазылған келесі еңбек – Т.С. Гелястанованың «Паронимы современного карачаево-балкарского языка» деген кандадаттық диссертациясы. Бұл еңбекте қарачай-балкар тіліндегі паронимдерге алғаш рет кешенді талдау жүргізіліп, тілдегі басқа ұқсас құбылыстармен айырмашылық-ұқсастық жақтары қарастырылған. Бұл екі автор да паронимдерге тілдік құбылыс деп анықтама бере отыра, сөйлеу тілінің емес, тілдің құбылысы екенін және мағыналық не этимологиялық байланыссыз пароним болуы мүмкін емес дегенді айтады. Тілде түбірлес те, әр түбірден тараған сөздер де жаңсақ қолданылуы мүмкін. Егер қате қолданылып тұрған сөздер түбірлес болса, олар – паронимдер де, әр түбірлі сөздер болса, олар - паронимдер деп көрсетеді [4].

Қазақ тіл білімінде паронимдер сөздер арнайы жүйелі түрде зерттелмегенімен, өткен ғасырдың 1970–1980 жылдары мағыналары біршама сараланып, тілімізде жарыса қолданылып келген сөздердің нормалануы мен қолданысына қатысты тілші-ғалымдар тарапынан бірқатар пікірлер айтылған. Мұндай пікірлердің кейбірі «Тіл мәдениеті және баспасөз» (1972) атты жинақта жарияланып келді [5].

Көрнекті ғалым М.Балақаев мысалы – *мәселен, жиналыс – жиылыс, суғару – суару, дайындау – даярлау* сияқты қатар қолданылып жүрген сөздердің кейбірін, мысалы, *өкіл – уәкіл, өкімет – үкімет* жұптарын мағыналық жағынан саралап, әрқайсысына жеке лексикалық мағына беру, яғни дифференциациялау қажеттігін айтқан [5, 20].

Академик Р.Сыздықова тілімізде бір кездері қатар қолданылып жүрген, қазіргі таңда мағыналық тұрғыдан сараланып жүрген *барақ – парак, шеркеу – шіркеу, нұл – бұл, азар – әзер* сынды сөздердің семантикалық айырмашылығын нақтылап көрсетіп, оларды мәнмәтінге сай жеке-жеке қолдану қажеттігіне тоқталған [5, 60].

Н. Шәкеев өз еңбектерінде бүгінгі таңда дублет немесе синоним ретінде жаңсақ қолданылып жүрген дайындау мен даярлау сөздерінің мағыналық жігін ажыратып көрсеткен. Ғалымның пайымдауынша, орыс тіліндегі заготовка сөзіне — дайындау, подготовка ұғымына — даярлау, ал готовить етістігіне — әзірлеу қазақша балама ретінде алынған. Осы арқылы автор бұл сөздердің семантикалық аясын нақтылауға бағытталған мағыналық саралаудың жүзеге асқанын көрсетеді. Сонымен қатар қатынасу – қатысу, өкімет – үкімет, уәкіл – өкіл, ілім – ғылым, егін – егіс, ақшалай – ақшадай, көрнекті – көрнекі, ақырет – ақирет сияқты сөз жұптарының да бір-біріне балама бола алмайтынын, олардың әрқайсысының өзіндік мағынасы мен қолдану аясы бар екенін атап өтеді [5, 62–63]. Қазіргі уақытта ғалым көрсеткен осы топтағы *қатысу мен қатынасу, егін -егіс, ақирет – ақырет* сөздерінің жаңсақ қолданылып жүрген тұстарын кездестіруге болады. Ұлы Абай бұл сөздерді дәл өз мағыналарында, орынды шебер жұмсаған: *Сарттың екпеген егіні жоқ, шығармаған жемісі жоқ, сәудегерінің жүрмеген жері жоқ. Орысқа қарамай тұрғанда, өлгенінің ақыреттігін, тірісінің киімін сол жеткізіп тұрады [6, 174]. Әрбір уайым-қайғы ойлағыш кісі не дүние шаруасына, не ахирет шаруасына өзгеден жинақырақ болса керек [6, 178].*

Профессор Х.М. Нұрмұқановтың «Сөз және шеберлік» атты монографиясында паронимдерге қатысты біраз пікір айтылған. Автор паронимдерге «айтылуы мен жазылуында ұқсастық байқалатын, бірақ мағынасы әртүрлі сөздер» деген анықтама береді. Бұл анықтаманы негізге ала отырып, ол *қарасан – қорасан, ұшы – үші, ұшық – ұштық, шүйіру – шиыру, миль – миық, иірім – үйірім* тәрізді паронимдік жұптар мен *бел алу – белең алу* секілді тұрақты тіркестің семантикалық ерекшеліктеріне талдау жасайды. Ғалым аталған паронимдердің көркем мәтінде дұрыс және бұрыс қолданылған

үлгілеріне мысалдар келтіре отырып, олардың стильдік және мағыналық дәлдігіне назар аударады [7, 180–188].

Зерттеушінің бұл пікірін қолдай отырып, біз де паронимдер қатарына тек түбірлес сөздерді ғана емес, сонымен қатар әртүрлі түбірден тараған, бірақ дыбысталуы мен жазылуында ұқсастық бар, бірінің орнына бірі жаңсақ қолданылып жүрген лексемаларды жатқызуын орынды деп санаймыз.

Жалпы сөздің мағынасының әртүрлі семалық реңтерінің көрінетін жері де, көнерген, сирек қолданылатын сөздер мен диалект сөздердің мағыналарының айқындалатын жері де – көркем шығарма десек, сол көркем туынды авторларына сөз қолданысына мұқият болуы керектігі үнемі айтылып келеді. Бұл туралы академик Р.Сыздық: «Сөз мағынасы түсініксізденіп, көпшілікке нақты белгісіз болғандықтан, әр жазушы өзінше топшылап, өз түсінігінше, біреуі зат есім, екіншісі сын есім т.т. ретінде құбылып, әртүрлі мағынада жұмсауы, әрине, нормалылыққа қайшы келеді: біріншіден, тексттің түсініктілігіне нұқсан келтіреді, екіншіден, сөздің, әсіресе көне, сирек сөздердің тұрақты мағынада қалуына кедергі келтіреді» [8, 163], - дейді.

Осы бағыттағы зерттеуіміздің келесі бөлігінде паронимдердің әдеби тіл нормалары тұрғысындағы қолданыс ерекшеліктері, атап айтқанда, олардың тілімізде жаңсақ қолданылу себептері мен өзге лексика-семантикалық топтардан айырмашылықтары талданатын болады. Паронимдердің жаңсақ қолданылуына, негізінен, олардың сыртқы түрі (дыбыстық құрам-тұлғасы) және соған байланысты ұқсас айтылуы себеп болады десек те, одан басқа да мынадай бірнеше себебі бар деп көрсетуге болады:

1. Көбіне сөздің мағынасын дұрыс, жетік білмеуден: *соқталдай – сойталдай, миық – мильқ, қорасан – қарасан, қодық, орта қол – ортан қол, жеңістік (бермеу) – жеңсік (ас), ақирет – ақырет, бұлу – бүліну, бүлдіргі адам – бүлдірге (қамшының бүлдіргесі), үрдіс – үдеріс, жарғы – жарлық, жад – жады, тебіну -тепсіну.*

2. Бір кезде вариант не көп мағыналы сөздер болып, кейін мағыналары сараланып, әрқайсысы жеке-жеке сөз болып қалыптасса да, олардың түсіндірме сөздіктерде әлі де айқын ажыратылып көрсетілмей келуі: *қатысу – қатынасу, даярлау – дайындау, дақ – дық, өкіл – уәкіл, өкім – үкім, бұл – пұл, адым – қадам, .*

3. Кейбірінің омоним немесе жарыспалы, нұскалас (вариантас) сияқты көрінуі: *ішек – шек, жаннат – жанат, қарық (ету, қылу) – қарқ (ету), шырық (бұзу) – шырқ (айналу), хош - қош, хал – қал, қайтіп – қайтып, босау – босану, бірге – бірлесе, жоғары – жоғарғы, кінә – күнә, төрткүл – төрткіл, үшкүл – үшкіл.*

4. Пароним құрайтын жұптардың бірдей сөздермен тіркесуі: *кінәлі адам – күнәлі адам, егістік жер – егіндік жер, былай отыр – бұлай отыр, қайтіп кетті – қайтып кетті, тымық ауа – тұнық ауа, ежіктеп оқу – ежелеп оқу, толық адам – толыққанды адам, ауызекі тіл – ауызша тіл.*

5. Қосымшалардың қызметін, мағыналарын айыра алмаудан: *тұмысынан – тұмысында, аяқ астынан – аяқ асты, артыниша – артынан, екеуден – екеулеп, осындай – осыниша, артынан-артыниша, атты (әскер) – аттылы (адам), есептеуші – есептеуіш, ескерткіш - естелік, жалғаулық шылау – жалғаулықты құрмалас сөйлем, қазақи (мінез, болмыс, сипат, дін, діл) – қазақы (кілем, ат, киім). Бұндай жұптар негізінен түбірлес сөздерден жасалады.*

6. Сөздердің стильдік реңкін дұрыс ескермеуден: *күніге – күніне, замана – заман, жалбарыну – жалыну.*

7. Кейбір қосымшалардың қызметі мен мағынасының ұқсастығы: *заңшыл – заңқой, түсті – түстес, ауылды – ауылдық, ақшалай – ақшадай.*

Паронимдер мен омонимдер дыбысталуы жағынан әртүрлі болғанымен, екеуі де мағынасы әртүрлі, өзара байланыссыз ұғымдарды білдіреді. Осы сипаттарына байланысты кейбір тілтанушы ғалымдар омонимдерді паронимдерге салыстырмалы түрде жақынырақ лексикалық құбылыс ретінде қарастырады. Тілімізде *ішек – шек, қырсау – құрсау, бұлау – былау, ұйытқы – ұйтқы, оқиға – уақиға, екеуіміз – екеуіміз* сияқты дыбысталуы бір-біріне өте жақын, сыртқы формасы омонимге жақын пароним сөздер бар. Бұлардың, осы ұқсастығына байланысты болса керек, тілімізде жаңсақ қолданылуы жиі ұшырасады. Осындай типтегі паронимдердің жасалуының мынадай жолдарын көрсетуге болады: қысаң ы-і дыбыстарының тұрақсыздығынан, түсіріліп не қосылып қолданылуы: *ұмытылу – ұмтылу, есіту – есту, суысу – сусу, ұйытқы – ұйтқы, екеуіміз – екеуіміз*; еліктеуіш сөздер мен зат есім не етістіктердің жұптасуы: *шырқ – шырық, қарқ – қарық, сылқ – сұлық*, сөздердің ықшамдалуы: *қайтіп – қайтып, қайтсын – қайтсін, түрегелді – тұра келді, қайны – қайын жұрт және т.б.*

«Паронимия құбылысына синонимия мен сөз варианттарындағыдай мағына тепе-теңдігі тән емес. Паронимия – өз алдына жеке тілдік категория. Кейбір үндес синонимдердің (көбіне түбірлес) бірте-бірте паронимдер қатарына өту немесе, керісінше, осыған қарама-қарсы құбылыстың да байқалуы мүмкін.

Ғалым Д.В.Якунина: «Тілдегі дыбысталуы жақын, түбірлес префиксті туынды сөздер пароним де, синоним де болуы мүмкін: егер екі сөздің мағыналарын алшақтақтатып, мәтінде бірінің орнына бірін қолдана алмайды деп көрсетсек, пароним, семантикалық жағынан жақындату арқылы, мәндес деп көрсетсек, синоним болады», - дейді [9, 142].

Біз бұдан қай тілде де синонимдердің қатарында үндес айтылып, кейде түбірлес болып келіп, конексте бірін бірі ауыстыруға болмайтындарының жаңсақ қолданылып жүргендері аз да болса кездесетінін байқадық. Сондықтан оларды дұрыс қолданылса, синонимдер, қате қолданылса, паронимдер деп атағанды орынды санаймыз. Синонимдер мәндес сөздер болғандықтан, бір ұғымды білдіргендіктен олардың бірінің орнына бірінің қолданылуы айтылатын ойға, сөзге нұқсан келтірмейді. Синонимдердің орынды қолданылмауы стилистикалық қате болса, паронимдерде тілдік қате болып саналады.

Пароним болатын сөздер синонимдік қатардағы сөздердей бір ұғымды білдірмейді және пароним қатарлардың әрқайсысының өзінің синонимдік қатарының болуы да олардың мағыналас сөздер бола алмайтынын көрсетеді. Мысалы, *сәлемдеме* сөзіне «сауқат, базарлық, сыбаға, сәлем-сауқат» сөздері синоним болса, *сәлем* сөзінің орнына контексте «хабар, есен-саулық, тілек, аманат» деген сөздерді қолдануға болады. Сондай-ақ *сыбдырлау* мен *сылдырлау* сөздері де бір емес. Алғашқы сөздің судырлау, сыбдырау, судырау, сусылдау деген синонимдері болса, соңғысына сыңғырлау, шылдырлау сөздері синоним бола алады. Демек, бұл да, паронимдердің өздері сияқты, олардың әр компонентінің синонимдері де бір-бірінен алшақ мағыналы болатынының дәлелі

Антонимдерге тән кереғар мағыналылық пароним жұптар арасында да кездесетіні байқалады. Бірақ біз оларды антонимдік емес, антиномиялық паронимдер деп атағанды жөн көреміз. Көбіне бұндай сөздер белгілі бір салада бір заттың, атаудың мәнін ашу үшін қатар алынатын сияқты. Әр ғылымның өзінің антиномиялық терминдері болатыны белгілі: субъект – объект (философия), форма – мағына (тіл білімі), горизонталь – вертикаль (математика). Бұндай жұптар паронимдерде де кездеседі. Мысалына «сойталдай – соқталдай, жұмырық – жұдырық, егілу – еңіреу, дақ – дық, сәлем – сәлемдеме, бүлдіршін – буыршын сияқты сөздерді келтіруге болады.

Осылардағы „сойтал“ – төрт жасқа шығатын, яғни байталдан бір жас үлкен, ұрғашы жылқының; „соқтал“ – төрт жасқа шығар пішпе түйенің, яғни болашақ атанның атауы. Айта кетейік, бұл жерде жылқы мен түйе атауларын («сойтал» мен «соқтал»-ды) антонимия ретінде қарау себебіміз түліктердің түріне емес, олардың еркек, ұрғашы екенін білдіретін мағыналарына байланысты болып отыр.

Егілу – іштен жылау да, *еңіреу* – дауыс шығарып жылау; *дақ* – денеге, киімге түскен таңба, *дық* – көңілдегі жара, мұң, қаяу; *жұмырық* – саусақтарды жұмған кездегі ішкі жағы да, *жұдырық* – сыртқы жағы, *сәлем* – біреуге айт деп тапсырылған ауызша хабар, *сәлемдеме* – біреу арқылы беріп жіберілген аманат, нәрсе; *бүлдіршін* – үш жасқа толмаған ұрғашы түйенің, ал *буыршын* – үш жасқа шығар еркек түйенің атауы.

Дақ пен *дық* та бір түбірдің түрліше тұлғануы негізінде пайда болған пароним сөздер. *Дақ* – «киімге, кез-келген денеге түскен, таңба» деген мағынаны білдіретін парсы тілінен енген сөз. Түсіндірме сөздікте *дақ* сөзінің «уайым-қайғының ізі, реніш» деген ауыс мағынасы бар екені айтылып, мынадай мысал келтірілген: *Сәлиманың бетінде ерекше қайғы дағы бар еді: жүздеу, өңі қашқан, сарғайған* [10, 449]. Сөздікте осылай

берілгенмен, дұрысында, бұл сөз «денедегі, киімдегі таңба, белгі» мағынасында, яғни деректі зат есім, мағынасында ғана қолданылып, ал осы сөздің фонетикалық өзгеріске ұшырауынан пайда болған *дық* нұсқасы – «көңілдегі қайғы, адамның жүрегіне түскен таңба» деген мағынада, дерексіз зат есім болып жұмсалуды керек деп ойлаймыз. *Сойтсе де Судыр Ахметтің көңілінде бір дық кетті...* [11, 89]. Бұл сөздердің бір мағынаны білдіріп, жарыса өмір сүргенінен гөрі, әрқайсысының өз мағынасында, жеке-жеке лексикалық бірлік болып тұрақтанып, сараланып қолданылуы нормалылық, тіл мәдениеті тұрғысынан дұрыс болар еді. Тіліміздегі *дық түсті, дық көрді, дық тұтты, көңілге дық болды, көңілге дық салды, көңілде дық қалды* деген фразеологиялық бірліктер сөзімізге дәлел бола алады.

Паронимдерге ең жақын лексикалық қабатты біз жарыспалы (дублет), яғни бір мағынаны білдіретін вариант сөздер деп таныдық. Мысалы: *абжылан - әбжылан, ажуа - әжуа, балуан - палуан, бәйге - бәйгі, бәле - пәле, диірмен - тиірмен, тұз- дұз, аңқию - аңқаю, байымдау - пайымдау, бейіл - пейіл, дызыл - тызыл, риза - ырза - разы, қайтып - кәйтін*, т. б. Бұндай жұп не қатар түзетін сөздер дыбыстық құрамы жағынан бір-біріне көп ұқсас болып келгенмен, әр жұптың не қатардың бір ғана мағынаға иелігіне байланысты, олар іштей бірінің орнына бірі еркін қолданыла береді. Алайда тіл дамуы үдерісінде мұндай сөздердің кейбірінің семантикасы белгілі бір өзгеріске түсіп отыратыны байқалады. Тілімізде бір кездері жарыса қолданылған *өкіл - уәкіл, ілім - ғылым, өкімет - үкімет, жоғары - жоғарғы, уәде - уағда, оқиға - уақиға, ауа - әуе, мағлұмат - мәлімет, сұғару - суару, даярлау - дайындау, жұбату - уату* сияқты бірқатар сөздердің бүгінде әрқайсысы өз алдына дербес мағынаға ие болды. Оларды қазіргі уақытта ешкім бірінің орнына бірін себепсіз қате қолданбайды. Дегенмен, *жоғарғы* мен *жоғары, даярлау - дайындау, жұбату - уату* сөздері туралы бұлай айта алмаймыз, себебі олардың жаңсақ қолданысы әлі де ұшырасып қалады.

Бір мағынаны білдіретін вариант сөздердің бір сөзбен тіркесіп, бірінің орнына бірі қолданыла беретіні белгілі. Мысалы, *риза болдым, ырза бодым, разы болдым*, паронимдер, негізінен, әртүрлі сөзбен тіркесіп жұмсалады: *маман даярлау - ас дайындау, досына жалыну - құдайға жалбарыну, көңілін жұбатты - жылаған сәбиді уатты, жоғарғы сот - жоғары оқу орны, ащы дауыс - қатты дыбыс*.

Қазақ тіліндегі сингармонизмдік параллельдер сөз тұлғаларының ықшамдалуы арқылы да жасалады. Мысалы, *ғалам/әлем, ғұмыр/өмір, харекет/әрекет, қарін/әріп, мағлұм/мәлім, тағлым/тәлім, тағзым/тәжім* [12, 8]. Осылардың *ғұмыр - өмір, харекет - әрекет* дегендері қазіргі кезде мағыналары сараланып, өз бетінше қолданылып жүргенін байқаймыз.

Қорытынды. Паронимия - тіліміздің стилистика, тіл мәдениетіне қатысты сауатты жазу, сөйлеу, сөзді дұрыс қолдануға қатысты мәселелерді айқындайтын құбылыс. Қазақ тіліндегі паронимдер, көбіне түбірлес сөздер болып келеді. Ғалымдар паронимдерге, негізінен, түбірлес сөздерді жатқызғанда, олардың дыбыстық ұқсастығы кездейсоқ емес, этимологиялық және семантикалық жақындықтарына негізделеді деп түсіндіреді.

Паронимдер омонимдерге мағына алшақтығы жағынан ұқсас болғанмен, оларға омонимдердегідей дыбыстық тепе-теңдіктің тән еместігі және омонимдердің мағынасы контексте ғана айқындалатындықтан, оларды бірінің орнына бірін қате қолдану мүмкін еместігі, сондықтан тіліміздегі омоним, синоним, антоним, вариант сөздермен паронимдерді шатастыра алмайтынымыз айтылды. Өйткені паронимдік жұп құрайтын сөздердің мағыналары синонимдердей жақын, тек бірен-сараны ғана тілдегі антиномия құбылысына жататыны, вариант сөздердей тепе-тең болмайтыны және паронимдер тек

әдеби тілге жататын сөздер болса, жарыспа сөздерді бірінің орнына бірін қолданудың сөз мағынасына нұқсан келтірмейтіні сараланды.

Пароним сөздердің қолданысына қатысты тілдік қателіктердің негізгі себептері мыналарды атай аламыз. сөз мағынасын жетік білмеу, қосымшалардың қызметін ажырата алмау, сондай-ақ лингвистикалық әдебиеттер мен арнайы сөздіктерде паронимдерге берілетін анықтамалардың бірізді болмауы немесе екіұшты сипатта берілуі, сонымен қатар бұндай бірліктердің фонетикалық жағынан ұқсас болуы мен тіліміздегі басқа лексика-семантикалық топтарға ұқсас белгілерінің болуы. Әсіресе мағынасы көмескі, сирек қолданылатын лексемалар негізінде жасалған паронимдерді дұрыс ажырату тілді өте жақсы меңгерген қалам иелерінің өзіне де қиындық туғызуы мүмкін. Зерттеу нәтижелері аталған тілдік бірліктерді орынды қолдану үшін паронимдердің семантикалық, морфологиялық және прагматикалық ерекшеліктерін терең меңгерудің және сөз қолданыс, сөз таңдау, сөз жұмсау мәселелеріне жалпы көпшіліктің, әсіресе баспа орындары мен қаламгер қауымның үлкен жауапкершілікпен қарау керек деген мәселелердің маңыздылығын көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Жеребило, Т.В. Словарь лингвистических терминов и понятий. [Текст] / Т.В. Жеребило. Изд. 6-е, испр. и доп. – Назрань: Пилигрим, 2016. – 610 с.
- 2 Федотова, Л.Н. Паронимия в современном английском языке: структура и функции. Автореф. дис. канд. филол. наук. [Текст] / Л.Н.Федотова – Минск, 1989. - 18 с.
- 3 Ишбаев, К. Ғ., Ғиикилдина, З. К. Башкорт теленең паронимдар һүзлеге. [Текст] / К.Ғ. Инбаев, З.К. Ғиикилдина – Өфө: Ғилем, 2001. – 312 б.
- 4 Гелястанов, Т.С. Паронимы в современном карачаево-балкарском языке. Автореф. дис. канд. филол. наук. [Текст] / Т.С.Гелястанов – Ашхабад, 2004. – 22 с.
- 5 Тіл мәдениеті және баспасөз. Баспасөз тілінің мәдениеті жөніндегі ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. [Текст] / – Алматы, 1972. – 224 б.
- 6 Абай Құнанбайұлы. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар, қара сөздер. Құрастырушы Г.Бельгер [Текст] / - Алматы: Мектеп, 2003. – 248 б.
- 7 Нұрмұқанов, Х. Сөз және шеберлік [Текст] / Х. Нұрмұқанов – Алматы, 1987. - 288 б.
- 8 Сыздықова, Р. Тілдік норма және оның қалыптануы [Текст] / Р.Сыздықова – Астана: Елорда, 2001. – 230 б.
- 9 Якунина, Д.В. Синонимия и паронимия префиксальных глаголов в русском языке // Вестник РГГУ. Серия «Литературоведение. Языкознание. Культурология». [Текст] / Д.В. Якунина – Москва, 2023. № 8. С. 74–90.
- 10 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 4-том [Текст] / Құраст. Н.Әшімбаева, С.Ақаев, Қ.Рыбергенова және т.б. – Алматы: Арыс, 2007. – 752 б.
- 11 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 5-том [Текст] / Б.Әбілқасымов, С.Бизақов, Ә.Жүнісбеков. – Алматы: Арыс, 2007. – 752 б.
- 12 Бизақов, С. Сөз нұсқалары және балама атаулар [Мәтін] / С. Бизақов – Алматы: Самара-Принт, 2008. – 507 б.

REFERENCES

- 1 Zherebilo, T. V. Slovar' lingvisticheskikh terminov i ponyatij [Dictionary of linguistic terms and concepts]. Nazran': Piligrim, (2016): 610 s. – (In Rus).

2 Fedotova, L. N. Paronimiya v sovremennom anglijskom yazyke: struktura i funkcii: avtoreferat dissertacii kandidata filologicheskikh nauk [Paronymy in modern English: structure and functions: abstract of the dissertation of Candidate of Philological Sciences]. Minsk, (1989): 18 s. – (In Rus).

3 Ishbaev, K. G., Ghikildina, Z. K. Bashkort telenen paronimdar hyzlege [Dictionary of Bashkir language paronyms]. Ufa: Filem, (2001): 312 b. – (In Bashk).

4 Gelyastanova, T. S. Paronimy v sovremennom karachaevo-balkarskom yazyke: avtoreferat dissertacii kandidata filologicheskikh nauk [Paronyms in the modern Karachay-Balkar language: abstract of the dissertation of Candidate of Philological Sciences]. Ashkhabad, (2004): 22 s. – (In Rus).

5 Til madenieti zhane baspasoz. Baspasoz tilinin madenieti zhonindegi gylymi-praktikalyk konferenciyanyn materialdary [Culture of speech and the press: materials of the scientific and practical conference on the culture of speech of the press]. Almaty, (1972): 224 b. – (In Kaz).

6 Abaj Kunanbajuly. Olender, poemalar, audarmalar, kara sozder [Verses, poems, translations, Words of edification] / Kurastyrushy G. Bel'ger. Almaty: Mektep, (2003): 248 b. – (In Kaz).

7 Nurmukanov, H. Soz zhane sheberlik [Word and artistry]. Almaty, (1987): 288 b. – (In Kaz).

8 Syzdykova, R. Tildik norma zhane onyn kalyptanuy [The linguistic norm and its codification]. Astana: Elorda, (2001): 230 b. – (In Kaz).

9 Yakunina, D. V. Sinonimiya i paronimiya prefiksial'nyh glagolov v russkom yazyke [Synonymy and paronymy of prefixed verbs in Russian]. Vestnik RGGU. Seriya: Literaturovedenie. Jazykoznanie. Kul'turologija, (2023). № 8: 74–90. – (In Rus).

10 Kazakh adebi tilinin sozdigi. On bes tomdyk. 4-tom [Dictionary of the Kazakh literary language. 15 vols. Vol. 4]. Almaty: Arys, (2007): 752 b. – (In Kaz).

11 Kazakh adebi tilinin sozdigi. On bes tomdyk. 5-tom [Dictionary of the Kazakh literary language. 15 vols. Vol. 5]. Almaty: Arys, (2007): 752 b. – (In Kaz).

12 Bizakov, S. Soz nuskalary zhane balama ataular [Word variants and alternative names]. Almaty: Samara-Print, (2008): 507 b. – (In Kaz).